

6B01301 БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Қазіргі заманғы талаптар негізінде белсенді азаматтық ұстанымы, көшбасшылық қасиеттері, әлеуметтік жауапкершілігі және кәсіби құзыреттілігі бар бастауыш білім беруеру саласында мамандар даярлау.

УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналу мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Білім беру жүйесіндегі оның мазмұнын жаңартуға, оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық педагогикалық технологияларын енгізуге, білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға байланысты қазіргі замандағы негізгі мәселе педагог кадрларды даярлау жүйесін қайта қарауды талап етеді.

Осыған байланысты, білім беру бағдарламасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға, эмпатия көрсетуге, сыни және креативті ойлау дағдыларына, командада жұмыс істеуге, өзгерістерге тез бейімделуге және т. б. бағытталған классикалық және инновациялық мазмұндағы пәндер кешенін ұсынады. Аталған білім беру бағдарламасын енгізу университет түлектеріне бастауыш мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыруға, жаһандық сын-қатерлер, бәсекелестік жағдайында шешім қабылдауға және адами капиталдың дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Нарық қажеттілігі. Орта білім беру педагогтеріне, оның ішінде бастауыш мектеп мұғалімдеріне қажеттілікті талдау ресми сайтты пайдалана отырып, статистикалық деректер негізінде жүргізілді <http://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5> , ақпараттық-талдау жүйесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

Халық санының өсуі орташа есеппен жылына 269 182 құрайды. Бұл болашақ мектеп оқушыларының саны артып, нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдеріне деген қажеттілік артып келе жатқанын көрсетеді. Мектептердегі педагог қызметкерлердің саны шамамен 338 755 мұғалім, оның ішінде әйелдер - 274 346 (81%). Мектептегі білім беру жүйесінде әрбір екінші мұғалім 25 пен 44 жас аралығында, әрбір төртіншісі - 45-54 жас аралығында. Зейнеткерлікке дейінгі жаста (55 және одан жоғары) шамамен 12%, оның 1-2% - ы зейнеткер мұғалімдер. Мұғалімдердің 10% - ы 25 жасқа дейінгі жас мамандар. Ел мектептерінде жыл сайын жас кадрлармен толықтыру педагогтердің жалпы санының шамамен 3% - ы құрайды. Ресми статистика деректерінен көріп отырғанымыздай, 18 600 білім беру ұйымдары педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері үшін әлеуетті жұмыс берушілер болып табылады. Педагогикалық мамандықтарға деген жоғары сұраныс дәстүрлі түрде сақталады.

2023 жылы аймақтық білім басқармаларының ресми мәліметтері бойынша 1800-ден астам бастауыш сынып мұғалімдері қажет.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	<ol style="list-style-type: none"> 1) Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті (АҚШ); 2) Нийде Омер Халисдемир Университеті (Түркия); 3) Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда) 4) Сарсен Аманжолов атындағы Шғыс Қазақстан университеті (Өскемен) 5) Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал) 6) Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз) 7) Маргулан атындағы Павлодар педагогикалық институты (Павлодар)
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	<ol style="list-style-type: none"> 1) Бастауыш мектептегі stem білім беру 2) Мектепалды сынып мұғалімі 3) Бастауыш мектептегі steam тәсіл

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Mississippi Valley State Unive - 55 %

Любляна педагогикалық университеті (Словения) - 60 %

Нигде Университеті (Түркия) – 55 %

Universität Leipzig (үздік 500 ARWU (Universität Leipzig (топ-500 ARWU (Academic Ranking of World Universities) - 45 %

А. И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті -80 %

Мәскеу қалалық университеті-80 %

Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті-80 %

Абай атындағы ҚазҰПУ – 80 %

БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Мемлекеттік білім беру ұйымдарында, білім беру орталықтарында, жекеменшік мектептерде бастауыш мектеп мұғалімі;

пәндік оқыту мұғалімі, бастауыш мектепте қосымша білім беру мұғалімі; жалпы білім беретін мектептерде, лицейлерде, гимназияларда, білім беру орталықтарында, жекеменшік мектептерде әдіскер.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде білім алушылармен және олардың ата-аналарымен тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру қабілеті; кәсіби қарым-қатынас саласындағы коммуникативтік қабілеттер, білім, іскерліктер мен дағдылар, сезімдік және әлеуметтік тәжірибе.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

бастауыш мектептің оқытылатын пәндері саласындағы материалды меңгерудің жоғары деңгейі және инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, оларды кәсіби қызметте іске асыруға дайындық.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

жеке / іскерлік сапа, дағды, мінез-құлық моделі, оны меңгеру мектептің тұтас педагогикалық процесінде басқару міндетін сәтті шешуге және жоғары кәсіби нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

4 кәсіби құзыреттілік саласы

бастауыш сынып мұғалімі тұлғасының кәсіби сапасы, бұл рефлексияға шығу арқылы бастауыш сынып оқушыларын оқыту және тәрбиелеу процестерін тиімді және ары қарай жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл кәсіби қызметке шығармашылық көзқарасқа ықпал етеді, тиімді кәсіби қалыптасу процесін басқарады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – ұлттық білім беру жүйесінің өзекті міндеттеріне сәйкес денсаулық сақтау, тұлғаға бағытталған, сараланған, интеграцияланған, дамытушылық оқыту және құзыреттілік тәсілінің ерекшеліктері негізінде бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесін құрастырады.

ОН 5 – бастауыш сынып оқушыларын математика негіздеріне, сауаттылық, оқу, жаратылыстану, көркем шығармашылыққа қазіргі білім беру талаптарына сәйкес оқыту процесін модельдеп құрастырады, оны онлайн/офлайн оқыту жағдайында инклюзивті тәсілді ескере отырып жүзеге асырады.

ОН 6 – функционалдық міндеттер шеңберінде педагогикалық процесті басқаруда қабілеттерін көрсетеді, кәсіби білімді дамыту және кәсіби қызмет нәтижелері үшін жауапкершілікті сезінеді.

ОН 7 – педагогикалық міндеттерді шешудің балама нұсқаларын әзірлеу, ұсыну, көшбасшылық қасиеттерін көрсету, педагогикалық процестің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау қабілеттері мен дағдыларын көрсетеді.

ОН 8 – критериялды бағалау жүйесін қолдана отырып, оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту үшін білім алушылардың оқу жетістіктері мен жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін пайдаланады.

ОН 9 – зерттеу қызметінің мақсаттарын өз бетінше қою және негіздеу, оған қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдау қабілеттері мен дағдыларын көрсетеді; бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

ОН 10 – бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға қабілетті; бастауыш сынып оқушыларына пәндік және қосымша білім беруді жүзеге асырады; отбасы мен мектептің өзара байланысы.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
ТА1			+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 2	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 3	+	+		+	+	+	+	+	+	+
ТА 4	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 5	+	+	+		+	+	+	+	+	+
ТА 6	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын қамтиды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелген.

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген

3) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі басшылық. ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о / д бұйрығына 1-қосымша

4) Білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар «Педагогикалық Ғылымдар. 27.03.2023 №125 Бұйрық.